

## Қауымдық сервитут орнату туралы

Түркістан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 22 ақпандағы № 78 қаулысы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18, 69-баптары, Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Заңының 37-бабына және бекітілген жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларына сәйкес, Кентау қаласы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне Кентау қаласы, Бүргем-2 шағын ауданына "Инженерлік инфрақұрылым жүйелері үшін" төменде көрсетілген жер телімдеріне қауымдық сервитут белгіленсін:

- 1) "Кәріз жүйелері үшін" алаңы 1,8 га (18000 шаршы метр) жер учаскесі;
- 2) "Ауыз су жүйелері үшін" алаңы 0,9 га (9000 шаршы метр) жер учаскесі;
- 3) "Газбен қамту жүйелері үшін" алаңы 2,0 га (20000 шаршы метр) жер учаскесі.

2. "Кентау қаласының әкімдігінің "Кентау қалалық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Кентау қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін;

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Ғ.Төлеповке жүктелсін.

Қала әкімі

Ж.Тасов